

ҚАЛА ӨМІРІНІҢ ЫРҒАҒЫ

Сотталғандарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды жұмысқа орналастыру. Ағымдағы жылдың 15 қыркүйек күні бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды бейімдеу жөніндегі комиссияның консультативтік-кеңесші органның кезекті отырысы өткізілді. Отырыс барысында пробация қызметінің есебінде тұратын сотталған азаматтарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған сотталғандарды қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына квотасы арқылы орналастыру бойынша атқарылған істері және бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде босатылған тұлғаларға әлеуметтік құқықтық көмек көрсету туралы есебі талқыланды. Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтармен кездесу ұйымдастыруы жоспарланды.

Қаланы көгалдандыру мен аббатандыру бойынша жиналыс. Приозерск қаласы әкімінің төрағалығымен қаланы аббатандыру және көгалдандыру бойынша кеңес өтті. Кеңесте күзгі ағаштар мен көгалдарды отырғызуға топырақты дайындау бойынша іс-шаралар жоспары талқыланды. Жоспарға сәйкес ағымдағы жылдың

тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, кеңес аясында әкімнің қаланы аббатандыру және көгалдандыру жөніндегі кеңесшісі Наталья Трифонова Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының атынан алғыс хатпен марапаттады.

№44841 әскери бөліміне 23 жыл. Әскери бөлімнің 23 жыл толуына орай, қаламыздағы көркем өнерпаздар тобының мерекелік концерті өткізілді. Бұл мереке «Жауынгерлік достастық – 2021» тактикалық оқу-жаттығуларымен қатар аталып өтуімен ерекшеленді. Аталмыш іс - шарада қала әкімі Сапар Сатаев әскери бөлім



қызметкерлерін мерейтойларымен құттықтай отырып, Отан алдындағы борыштарын өтеумен қатар, қаламыздың тыныс-тіршілігіне айрықша ат салысатын әскерлерімізге өз алғысын білдірді. Мереке өнерпаздарымыздың әсем әндерімен әрленіп, жауынгерлерге ерекше серпін мен көтеріңкі көңіл - күй сыйлады. Жиын соңында әскери бөлім басшысы мерекені ұйымдастырушылар мен өнерпаздарымызға ерекше ілтипат көрсетіп, алғыс хаттармен марапаттады. Осы орайлы сәтті пайдаланып, №44841 әскери бөлімін құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Халық санағы-2021. 2021 жылдың 17 қыркүйегі күні Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы «Халық санағы» атты акциясын өткізді. Акция барысында қала тұрғындарын 1 қыркүйек



пен 30 қазан аралығында өтетін Қазақстан Республикасының халық санағына белсенді қатысуға шақыру бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындарына санақтан өту бойынша нұсқаулық парақшалар таратылды. Сонымен қатар, 22 қыркүйек күні Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаевтың төрағалығымен 2021 жылғы ұлттық халық санағының барысы туралы кеңес өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Приозерск қаласының статистика бөлімінің басшысы Есілбаева Гүлнар Маратқызы баяндама жасады. Қала әкімі ұлттық халық санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарынан туындайтын жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етуді тапсырды. Медиа-жоспарға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы тұрғындар арасында санақ жүргізу үшін қызметкерлер тағайындау, полиция бөліміне учаскелік инспекторлар мен интервьюерлерді бекіту тапсырылды.

Вакцина – пандемияны жеңудің жалғыз сенімді жолы. 1 ақпан күні Қазақстанда COVID-19 індетіне қарсы жаппай вакцина салу басталды. Біз індетке қарсы әлемдік тәжірибені қолданып отырмыз. Вакцина - пандемияны жеңудің жалғыз сенімді жолы. Азаматтарды вакцинациялау шығындарының барлығын мемлекет көтереді. Вакцина салуға денсаулығы жарамай-

Баспасөз қызметі хабарлайды

тын азаматтардан басқалары, жаппай пандемия жағдайында екпені аса маңызды және қажетті екенін түсінеді деп ойлаймын», – деп жазды Президент Қ.Тоқаев Twitter әлеуметтік желісінде.

Тарихқа көз жүгіртсек, ғалымдар жұқпалы аурулардың туындау ықтималдығын бәсеңдететін екпені ойлап тапқанша ұзақ жыл ізденген. Алдымен шешекке қарсы екпенің қажет екенін айтып, дабыл қаққан қытайлар болса керек. Араға жүздеген жылдар салып, оған қарсы дәріні Ұлыбритания ғалымы ойлап тапқан. Нақтырақ айтсақ, 1796 жылы ағылшын дәрігері Эдвард Дженнер ғылыми айналымға «вакцинация» сөзін енгізіп, сиыр шешегіне қарсы екпе жасаған. Кейін желшешек, қызамық, қызылша, туберкулез сынды басаяғы 40-тан астам жұқпалы ауруға қарсы 100-ден аса екпе шығарылды. Ал 1978 жылы дүниежүзінде табиғи шешек ауруының көзі жойылды. Ал бала кезінде алған екпелер өмір бойына инфекцияларға қарсы иммунитеттің негізін қалыптастырады. Бүгінгі таңда вакцинация заманауи меди-



цинадағы үздік жетістіктердің бірі. Бірақ, бұған қарамастан, кейбір тұрғындар жалпы профилактикалық шаралармен амалдап, өздерін және балаларын вакцинациялау қажеттілігінен күмәнданып, қорқады. Қазақстанда вакцинациямен қамтылудың үлкен көлеміне қарамастан, түрлі себептермен вакцинацияға келмейтін халықтың бөлігі бары жасырын емес. Бұл күнде бұлты сөйленімінен әлі де толық дауа табылмаған аурумен күресудің жалғыз жолы екпе салдыру. Республика көлемінде бастау алған вакцинациялау жұмысы облысында да жалғасын табууда. Сондықтан бетперде киіп, сақтық шараларына басымдық беруді ұмытпайық.

Приозерск қаласы әкімінің баспасөз қызметі



15 қыркүйегі күні қала аумағындағы негізгі жолдың жиегін көгалдандыру жұмысы бастау алған болатын. Ол үшін ЭКОСАР-БАЗ бен ЭКОҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ең алдымен жол жиегін тастар мен қоқыстан арылтып, жоспарға сәйкес, топырақты қосыту мен «Жасыл желек» дәнерктерін отырғызу жұмыстары жүргізілді. Бөлім басшыларына апта сайынғы сенбіліктерді өткізу туралы

Цифрлық Қазақстан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметтер негізгі қағидаттарының бірі болып мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру болып табылады.

Бұл ретте, еліміздің көптеген стратегиялық құжаттары мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанға көшіруге бағытталған.

Атап айтатын болсақ, 2021 жылдың 8 айында Приозерск қаласының тұрғындарына электрондық нысандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жалпы үлесі 84,3% құрады.

Салыстыра келсек, 2018 жылы бұл көрсеткіш 22,7% болған, ал 2019 жылы 23,9% тең болса, 2020 жылы электрондық нысандағы қызметтердің үлесі 48,6% құраған. Осы қысқа есептен бұл бағыт қарқынды дамып келе жатқанын оңай көруге болады.

Сіздерде «жалпы мемлекет пен азаматтардың арасындағы байланысты цифрландырудың мақсаты не?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл сауалға жауап бір қарағанда күрделі болып көрінгенімен әлдеқайда қарапайымдау болып табылады. Сіз мемлекеттік қызметті электронды нысанда

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

алған жағдайда көптеген басымдылықтарды көре аласыз.

Біріншіден, өзіңіздің уақытыңызды әжептәуір үнемдейсіз. Кезектілікке душар болмайсыз. Сонымен бірге, қызметті кезкелген ыңғайлы мезгілде үйде отырып немесе қаламыздың қызмет көрсетуші мекемелерінде орнатылған «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында» алуыңызға мүмкіндігіңіз бар.

Екіншіден, қызмет алу үшін барынша қарапайым жағдайлар қажет, олар: дербес компьютер, электрондық қирлық қолтаңба және Ғаламторға қолжетімділік (*мобильді қосымшалар мен «Telegram-bot» арқылы қызмет алу бұдан да жеңілдірек*).

Үшіншіден, мемлекеттік қызмет алушы мен берушінің арасындағы тікелей байланыс жойылады, яғни, сыбайлас жемқорлыққа түрткі болуы мүмкін қандай да бір себептер мен жағдайлар пайда болуына мүмкіндік берілмейді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру кезеңі бастау алып, еліміздегі барлық саладағы жұмыс істейтін халық толығымен ақпараттық технологияларды игеруде.

Қазіргі заманға лайықты ізгі қасиеттерге ие болу – бүгінгі таңдағы әрбір жеке тұлғаның алдында тұрған асыл міндет. Бүгінгі күнде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне жаңа технология дәуірінің өзі биік талаптар қойып отыр.

Өткеннен сабақ ала отырып, болашақтың қоржынына өзіміздің халықтық қасиетімізбен, жанарған болмысымызбен, терең ой-санамыз және сапалы дүниелерімізбен үлес қосу – жаһандану кезеңінің табалдырығында тұрған біздер үшін аса маңызды іс. Елбасының сөзімен айтқанда, «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет».

Өткен жылы қаламызда цифрлық сауаттылыққа оқыту онлайн-платформада жүргізілді. Қатысушылар базалық сандық дағдылар, ақпараттық қауіпсіздік дағдылары, электрондық сауда, онлайн қызметтердің POST.KZ гипермаркеті, ашық үкімет, электрондық үкімет және электрондық мемлекеттік қызметтер дағдылары бойынша білім алды.

Бұл бастама биылғы жылы да өз жалғасын табууда. Әлеуметтік желілерде «Тікелей эфир» арқылы «электрондық



үкімет» порталы арқылы, egov mobile, Telegram және т.б. қосымшалар мен мүмкіндіктер арқылы мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алу жолдары бойынша оқытулар жүргізілуде.

Сондықтан, Инстаграм желісінде өтетін «Тікелей эфирлерге» белсенді қатысуға шақырамын.

А.Рахимбаева,
Приозерск қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің басшысы

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРДЫ ҚОЛДАУ

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін көрсетті. 2021 жылдың 7 айында атаулы әлеуметтік көмек 87 аз қамтылған отбасына немесе 342 адамға жалпы сомасы 8 876,8 мың теңгеге тағайындалып төленді, 10 от-

басына немесе 19 адамға жалпы сомасы 372,3 мың теңгеге тұрғын үй көмегі көрсетілді.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 315 адамға 7 200,0 мың теңге сомасында көмек көрсетілді (*қайғылы жағдайларға байланысты, тамақтану және емделу, мереке күндері, мүгедектерге, мүге-*

дек балаларға, бас бостандығынан айыру орындарынан оралған немесе пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға).

Есепте 272 мүгедек тұр (2020 жылы - 279), оның ішінде 35 мүгедек бала (2020 жылы-36).

Үйде қызмет көрсетумен 20 адам қамтылған (12 зейнеткер, 2 мүгедек және б

Арнайы көмек

мүгедек бала).
ОЖБ негізінде санаторлық-курорттық емдеумен 13 мүгедек қамтамасыз етілді.

Барлығы 55 паспортталған нысанның 93%-ы (51) бейімделген.

С. Танатарова,
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас маман